

KK	Қолдану туралы нұсқаулары	2
RU	Инструкция по эксплуатации	22

Тұмшәпеш
Духовой шкаф

USER MANUAL

ZOG11311

KZ RU

ZANUSSI

Мазмұны

Сақтық шаралары _____	2	Пайдалы нұсқаулар менен кеңестер __	10
Қауіпсіздік нұсқаулары _____	3	Құту менен тазалау _____	13
Бұйым сипаттамасы _____	6	Не істерсіңіз, егер... _____	14
Бірінші қолданғанға дейін _____	6	Техникалық сипатама _____	15
Әркүндік қолдану _____	7	Орнату _____	16
Сағат функциялары _____	9	Қоршаған ортаға зиян келдірмеу туралы мағлұматтар _____	21
Керек-жарақтарды қолдану _____	9		
Қосымша функциялар _____	9		

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

Сақтық шаралары

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Құрылғыны дұрыс орнатпау мен дұрыс пайдаланбау нәтижесінде адам жарақат алса және ақаулық орын алса өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықты келешекте қарап жүру үшін үнемі сақтап қойыңыз.

Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі

⚠ Назарыңызда болсын! Тұншығып қалу, жарақат алуы немесе мүгедек болып қалу қаупі бар.

- Бұл құрылғыны 8 жасқа толған және одан асқан балалар және кемтар, сезім немесе ой-қабілетіне нұқсан келген адамдар немесе тәжірибесі немесе білімі аз адамдар, өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін адамның бақылауында болса пайдалана алады.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Орам материалдарының барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда немесе ол суып тұрғанда, балалар мен үй жануарларын оған жақындатпаңыз. Қолжетімді бөлшектері ыстық болады.
- Егер құрылғы бала қауіпсіздігінің құралымен жабдықталса, оны іске қосуды ұсынаыз.


- Балалар тазалау және күтім көрсету жұмыстарын басқаның бақылауынсыз орындамауға тиіс.

Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат

- Осы құрылғыны орнату және сымды ауыстыру жұмысын тек білікті маман ғана орындауға тиіс.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының ішкі жағы ысып кетеді. Құрылғының ішіндегі қыздырғыш элементтерге қол тигізбеңіз. Керек-жарақтарды немесе ыдыстарды алып-салған кезде үнемі қолғап киіңіз.
- Құрылғыны бумен тазалау құралын пайдаланып тазаламаңыз.
- Күтім көрсетер алдында электр желісінен ажыратыңыз.
- Шыны есікті тазалау үшін қатты жеміргіш заттарды немесе өткір темір құралдарды пайдаланбаңыз, себебі сызат түсіп, шыны шытынап кетуі мүмкін.
- Сөре сырғытпаларын алу үшін әуелі сөре сырғытпасының алдыңғы жағын, содан кейін артқы жағын бүйірлік қабырғадан тартыңыз. Сөре сырғытпаларын әрекеттерді керісінше орындап салыңыз.
- Электр қатеріне ұшырамау үшін шамды ауыстырар алдында құрылғыны сөндіріп қойыңыз.

Қауіпсіздік нұсқаулары


Орнату

 **Назарыңызда болсын!** Бұл құрылғыны тек білікті маман ғана орнатуға тиіс.

- Орам материалдарының барлығын алыңыз.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғымен бірге берілген орнату бойынша нұсқауларды орындаңыз.

- Құрылғыны жылжытқан кезде үнемі абай болыңыз, себебі салмағы ауыр. Өрқашан қорғаныс қолғабын киіңіз.
- Құрылғыны тұтқасынан тартпаңыз.
- Осы құрылғы мен басқа құрылғылардың, заттардың арасындағы минимум қашықтықты сақтаңыз.
- Құрылғының үсті мен жан-жағын қоршаған конструкциялардың қауіпсіз болуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғының жан-жағын биіктігі осы құрылғының биіктігімен бірдей құрылғылармен жанастырып қою керек.

Электр тоғына қосу

 **Назарыңызда болсын!** Өрт шығу және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.


- Электр тоғына қосу жұмыстарын білікті электрші ғана іске асыруға тиіс.
- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Техникалық ақпарат тақтайшасындағы электр параметрлерінің электр желісіндегі параметрлерге сай келетініне көз жеткізіңіз. Сай келмесе, электршіге хабарласыңыз.
- Өрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты адаптерлер мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз.
- Құрылғының ашасына және сымына зақым келтірмеңіз. Зақым келген электр сымын ауыстырту үшін қызмет көрсету орталығына немесе электршіге хабарласыңыз.
- Электр сымдарын құрылғының есігіне, әсіресе ыстық тұрған есікке тигізуге болмайды.
- Тоққа қосұлы тұрған және оқшаулағышы бар бөлшектердің электр қатерінен сақтандырығышын, саймансыз алынбайтын етіп бекітіп қою керек.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана жалғаңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Егер розетка босап тұрса, оған ашаны сұқпаңыз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Өрқашан ашасынан тартып суырыңыз.
- Дұрыс оқшаулағыш құралдарды ғана қолданыңыз. желіні қорғайтын ажыратқыштар, сақтандырығыштар (ұстатқыштан алынған бұрандалы сақтандырығыштар), жерге тұйықталудан қорғау тетіктері мен тұйықтағыштар.

- Электр жүйесі құрылғыны кез келген полюсте ажыратуға мүмкіндік беретін оқшаулағыш құралмен жабықталуға тиіс. Оқшаулағыш құралдың контакт ара қашықтығы кем дегенде 3 мм болуға тиіс.

Газға қосу

- Газға қосу жұмыстарының барлығын білікті маман ғана іске асыруға тиіс.
- Орнатар алдында жергілікті жабдықтау жағдайлары (газдың түрі мен газдың қысымы) және құрылғының параметрлері сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғының айналасында ауаның айналуын қамтамасыз етіңіз.
- Газбен жабдықтау туралы ақпарат техникалық ақпарат тақтайшасында берілген.
- Бұл құрылғы жану өнімдерін тартып әкететін құрылғыға жалғанбаған. Құрылғыны ағымдық орнату ережелеріне сай орнатыңыз. Желдету талаптарының дұрыс орындалуына көз жеткізіңіз.

Пайдалану

 **Назарыңызда болсын!** Жарақат алу, күйіп қалу немесе электр тоғының қатеріне ұшырау немесе жарылыс шығу қаупі бар.

- Бұл тұрмыста қолдануға арналған құрылғы.
- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Желдеткіш саңылаулардың бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны назардан тыс қалдырмаңыз.
- Құрылғыны пайдаланып болған сайын тоқтан ажыратыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының есігін ашқан кезде абай болыңыз. Ыстық ауа шығуы үмкін.
- Құрылғыны су қолмен іске қоспаңыз немесе суға тиіп тұрған құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Ашық тұрған құрылғы есігіне күш салмаңыз.

- Құрылғыны жұмыс орны немесе зат сақтайтын орын ретінде қолданбаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының есігін үнемі жабық ұстаңыз.
- Құрылғының есігін абайлап ашыңыз. Алкоголь қосылған қоспаларды қолданғанда, ауа мен алкоголь қоспасы пайда болуы мүмкін.
- Есікті ашқан кезде құрылғыға от жарқылын немесе ашық отты жақындатпаңыз.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.

! **Назарыңызда болсын!** Құрылғыны бүлдіріп алуыңыз мүмкін.

- Құрылғының эмаль қаптамасы бүлініп немесе өңі кетпес үшін:
 - пештің ыдыстарын немесе басқа заттарды құрылғының табанына тура қоймаңыз.
 - алюминий жұқалтырды құрылғының табанына тура қоймаңыз.
 - ыстық суды құрылғының ішіне тура қоймаңыз.
 - тамақ пісіріп болғаннан кейін дымқыл ыдыстарды және тағамды құрылғының ішінде ұстамаңыз.
 - керек-жарақтарды алып-салған кезде абай болыңыз.
- Құрылғының эмаль қаптамасының түсінің өзгеруі құрылғы жұмысына әсер етпейді. Бұл кепілдік заңына сәйкес қарастырылатын ақаулық емес.
- Сұйық қоспадан жасалатын тортты пісіру үшін шұңғыл табаны қолданыңыз. Жеміс шырындарынан кетпейтін дақ қалуы мүмкін.
- Бұл тек тағам пісіруге арналған құрылғы. Басқа мақсатта, мысалы бөлмені қыздыру үшін қолдануға болмайды.
- Тағамды әрқашан тұмшашештің есігін жауып пісіріңіз.

Күту менен тазалау

! **Назарыңызда болсын!** Жарақат алу, өрт қаупі және құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Құрылғыны жөндеу алдында электр желісінен ағытып, ашасын розеткадан суырыңыз.
- Құрылғының салқын тұрғанына көз жеткізіңіз. Шыны панелі сынып қалуы мүмкін.
- Есіктің шыныларына зақым келсе дереу ауыстырыңыз. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының есігін алған кезде абай болыңыз. Есіктің салмағы ауыр!
- Құрылғының қаптамасының сапасы түспес үшін мезгіл-мезгіл тазалаңыз.
- Құрылғының ішінде қалған майдың немесе тағамның қалдығынан өрт шығуы мүмкін.
- Құрылғыны дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Тек бейтарап тазартқыш заттарды қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені, өріткіштерді немесе темір заттарды пайдаланбаңыз.
- Тұмшашеш бүріккішін қолдансаңыз, оның орамында көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.
- Каталитті эмаль қаптаманы (егер бар болса) ешбір жуғыш затпен тазаламаңыз.

Ішкі жарық шамы

- Осы құрылғыда тұрмыстық құрылғыларға ғана арналған жарықтама шам немесе галоген шамы қолданылған. Оны бөлмені жарықтандыру үшін қолданбаңыз.

! **Назарыңызда болсын!** Электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Шамды ауыстырар алдында құрылғыны тоқтан ажыратыңыз.
- Техникалық параметрлері сай келетін шамдарды ғана қолданыңыз.


Құрылғыны тастау

! Назарыңызда болсын! Жарақат алу немесе тұншығып қалу қаупі бар.

- Құрылғыны қоқысқа дұрыс тастауға қатысты ақпаратты жергілікті әкімшілік мекемеге хабарласып алыңыз.
- Құрылғыны тоқтан ажыратыңыз.

- Қуат сымын кесіп алыңыз да, қоқысқа тастаңыз.
- Сыртқы газ түтіктерін майыстырыңыз.
- Балалар мен жануарлар құрылғыға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін алыңыз

Бұйым сипаттамасы



- 1 Басқару панелі
- 2 Қуат индикаторы
- 3 Температура индикаторы
- 4 Температура тетігі
- 5 Минут операторы
- 6 Тұмшапеш функцияларының тетігі
- 7 Газдың бітелгенін хабарлау индикаторы
- 8 Желдеткіштің ауа шығатын саңылаулары
- 9 Гриль
- 10 Тұмшапештің шамы
- 11 Бұрылмалы істіктің тесігі
- 12 Тұмшапеш қуысының табанындағы пластинка
- 13 Сөренің алмалы сырғытпалары
- 14 Техникалық ақпарат тақташасы

Тұмшапештің керек-жарақтары

- **Торкөз сөре**
Ыдыстарға, торт қалыптарын қоюға, тағам қуыруға арналған.
- **Алюминий пісірме табақ**
Торттар мен печеньеелерге арналған.

- **Гриль- / Қуыру науасы**
Пісіру мен қуыруға немесе май жинайтын таба ретінде қолдануға арналған.
- **Бұрылмалы істік**
Ет пен құс етінің ірірек кесектерін қуыруға арналған.

Бірінші қолданғанға дейін

! Назарыңызда болсын! Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

Алғашқы тазалау


- Керек-жарақтарының барлығын және алмалы сөре сырғытпаларын (бар болса) алыңыз.

- Құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында тазалаңыз.


Өте маңызды! "Күту менен тазалау" тарауын қараңыз.

Алдын ала қыздыру


Қалған майды күйдіріп жіберу үшін бос құрылғыны алдын ала қыздырыңыз.

1. Ең үлкен температураға қойып, бос құрылғыны шамамен 60 - 90 минут қосып қойыңыз.
2. Ең үлкен температураны және  функциясын орнатып, бос құрылғыны шамамен 5 - 10 минут қосып қойыңыз.





Керек-жарақтар бұрыңғыдан да ыстық болып тұруы мүмкін. Құрылғыдан иіс және түтін шығуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Ауаның жеткілікті түрде айналып тұрғанына көз жеткізіңіз.

 Тұмшапешті салқындатыңыз. Жұмсақ матаны шамалы жуғыш зат қосылған суға батырып, тұмшапештің ішін тазалау үшін пайдаланыңыз.

Әркүндік қолдану

 **Назарыңызда болсын!** Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.


Тұмшапеш функциялары

Тұмшапеш функциясы		Қолданылуы
	OFF (сөндірулі) қалпы	Құрылғы сөндірулі.
	Тұмшапештің шамы	Тұмшапештің шамын пісіру функциясынсыз жарықтандыруға арналған.
	Бұрылмалы істігі бар электр грилі	Еттен гриль, сондай-ақ, кәуап немесе кішкене еттерден гриль жасауға арналған.
	Температура мәндерін орнату	Электр грилінің температурасын реттеуге (шамамен ең азы 50 °C градустан бастап, ең көбі 200 °C градусқа дейін) арналған.

Қуат индикаторы


Қуат индикаторы тұмшапеш функциясын басқаратын тетікті бұраған кезде ғана жанады.

Газ пешті басқару тетігі

Белгіше	Функция
	Тұмшапештің оттығы сөндірулі
мин. - 240	Температура мәндерін орнату ауқымы.

Газ тұмшапеште тамақ пісіру

Тұмшапештің газ оттығын тұтату:


1. Тұмшапештің есігін ашыңыз.
2. Газ тұмшапешін басқару тетігін басып,  қалпына бұраңыз. Оны бірнеше секунд басып тұрыңыз, бірақ 15

секундтан артық баспаңыз. Оны жалын пайда болғанша босатпаңыз.

Қолдан тұтату:

Электр қуаты уақытша үзіліп қалса.

1. Тұмшапештің есігін ашыңыз.
2. Отты тұмшапеш ішінің түбіндегі тесіктің жанында ұстап тұрыңыз.



3. Сонымен бір мезгілде газ пешін басқару тетігін басып, сағат тілінің бағытына қарсы ең жоғары температураға бұраңыз.
4. Жалын шыққан кезде, газ пешінің басқару тетігін шамамен 15 секунд басып ұстап тұрыңыз.

i Отты тұмшашпештің түбіндегі тесіктер арқылы бақылаңыз.

i Егер тұмшашпештің газ оттығы от алмаса немесе кенет сөніп қалса:

1. Газ пешінің басқару тетігін босатыңыз да, “Off” қалпына қойыңыз.
2. Тұмшашпештің есігін ашық қалдырыңыз.
3. Бір минуттан кейін тұмшашпештің газ оттығын қайта тұтатып көріңіз.

Жағып болғаннан кейін:


1. Газ пешінің басқару тетігін босатыңыз.
2. Тұмшашпештің есігін жабыңыз.
3. Газ тұмшашпешінің басқару тетігін қажетті температураға қойыңыз.

Тұмшашпеш қауіпсіздігі құралы:

Газ пештің терморелесі бар.. Ол жалын сөніп қалғанда, газдың берілуін тоқтатады.

i Газ пеші мен бұрылмалы істігі бар электр грилін (бар болса) бір мезгілде қатар пайдалануға болмайды.

Қақтау

1. Тұмшашпештің функциясын басқаратын тетікті сағат тілінің бағытымен  қалпына бұраңыз. Басқару тетігінің  белгісі температура ауқымын көрсетеді. (шамамен кем дегенде 50°C градустан, ең көбі 200°C градусқа дейін)
2. Гриль мен гриль науасының сырғытпасының деңгейін тағамның әр түрлі қалыңдығына лайықтап реттеңіз. Тағамды жылдам пісіру үшін үстіңгі қыздырғыш элементке жақын, баппен пісіру үшін одан алыс қойыңыз.

– Ауаның барынша жақсы таралуын қамтамасыз ету және тағамды майы мен сөлінен бөлу үшін тағамның көбін гриль науасындағы торға салу керек. Егер қаласаңыз, балық, бауыр және бүйрек тәрізді тағамдарды гриль науасына тура қоюға болады.

– Тағамның май-сөлі шашырамас үшін тағамды қақтамас бұрын мұқият кептіру керек. Пісіру барысында кебір болып кетпес үшін майсыз еттер мен балыққа шамалы өсімдік майын немесе сары май жағыңыз.

– Етті қақтаған кезде қызанақ және саңырауқұлақ тәрізді қосымшаларды тордың астына салуға болады.

– Нанды қыздырған кезде үстіңгі сырғытпаны пайдалану керек.

– Тағамды пісіру барысында қажетінше аударып отыру керек.

Гриль индикаторы

Гриль индикаторы (“Бұйым сипаттамасы” тарауын қараңыз) гриль пісіру функциясы таңдалған кезде жанады. Ол пеш қажетті температураға дейін қызған кезде өшеді. Одан соң жанып-сөну арқылы қажетті температураның реттелгенін көрсетеді.

Сағат функциялары

Минут операторы

Тұмшاپеш функциясының кері санақ уақытын орнату үшін осы функцияны пайдаланыңыз.

i Бұл функция тұмшاپештің жұмысына ешбір әсер етпейді.

1. Таймердің тетігін шегіне дейін бұрап, содан кейін қажетті уақыт мерзіміне бұраңыз.
2. Уақыт аяқталған кезде дыбыстық сигнал естіледі.


Керек-жарақтарды қолдану

! Назарыңызда болсын! Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

Бұрылмалы істік

! Назарыңызда болсын! Бұрылмалы істікті пайдаланған кезде абай болыңыз. Шанышқылары мен істігі өткір. Жарақат алу қаупі бар.


! Назарыңызда болсын! Бұрылмалы істікті алған кезде тұмшاپеш қолғабын пайдаланыңыз. Бұрылмалы істік пен гриль ыстық. Күйіп қалу қатері бар.




- 1 Тұтқасы
- 2 Істік
- 3 Шанышқылар
- 4 Бұрылмалы істіктің жақтауы

1. Бұрылмалы істіктің тұтқасын істікке салыңыз.
2. Қуыру табағын ең астыңғы сөре деңгейіне қойыңыз.

3. Бұрылмалы істіктің жақтауын астынан санағанда екінші деңгейге қойыңыз.
4. Бірінші шанышқыны істікке орнатыңыз да, содан кейін етті бұрылмалы істікке салып, екінші шанышқыны орнатыңыз.
5. Шанышқыларды қатайту үшін бұрандаларды пайдаланыңыз.
6. Істіктің ұшын бұрылмалы істіктің тесігіне салыңыз. "Бұйым сипаттамасы" тарауын қараңыз.
7. Істіктің алдыңғы жағын бұрылмалы істіктің жақтауына салыңыз.



8. Бұрылмалы істіктің тұтқасын алыңыз.
9. Тұмшاپеш функциясының тетігін  қалпына бұраңыз. Бұрылмалы істік айналады.
- 10 Қажетті температураны орнатыңыз. Пісіру кестелеріне қараңыз.

Қосымша функциялар

Желдеткіш

Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, құрылғының беттерін салқын ұстау үшін

желдеткіш автоматты түрде қосылады. Құрылғыны сөндірсеңіз, желдеткіш

құрылғының температурасы салқындағанша жұмыс істеп тұра береді.

Пайдалы нұсқаулар менен кеңестер

- Құрылғының сөре қойылатын төрт деңгейі бар. Сөренің деңгейлерін құрылғының астыңғы жағынан бастап санау керек.
- Құрылғы ауа айналдыратын және буды үздіксіз қайта айналдырып отыратын арнайы жүйемен жабдықталған. Осы жүйенің көмегімен тағамды булы ортада, ішін жұмсақ және сыртын күтірлек етіп пісіруге болады. Бұл пісіру уақыты мен пайдаланылатын қуат мөлшерін барынша азайтады.
- Құрылғының ішіне немесе есіктің шыны панельдеріне бу жиналуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Тағам пісіріп жатқанда құрылғы есігін ашу қажет болса, үнемі артқа шегініп барып ашыңыз. Конденсат мөлшерін азайту үшін құрылғыны тағам пісірер алдында 10 минут қосыңыз.
- Құрылғыны пайдаланып болған сайын оның ылғалын тазалаңыз.
- Тағам пісірген кезде заттарды құрылғының табанына қоймаңыз және құрылғының бөлшектеріне алюминий жұқалтыр жаппаңыз. Бұл пісіру нәтижесін өзгертіп, эмаль қаптамаға да нұқсан келтіруі мүмкін.

Торт пісіру

- Тұмшапештің есігін орнатылған пісіру уақытының 3/4 мөлшері өткенше ашаңыз.

- Егер бір уақытта екі пісіру табағын пайдалансаңыз, араларына бір бос деңгей қалдырыңыз.


Ет пен балық пісіру

- Тұмшапешке мүлдем тазаланбайтын дақ түспес үшін, өте майлы тағамды пісіргенде шұңғыл табақты пайдаланыңыз.
- Етті кесердің алдында сөлі ағып кетпес үшін шамамен 15 минут қоя тұрыңыз.
- Тағам қуырған кезде тұмшапештің іші қатты түтіндеп кетпес үшін шұңғыл табаққа шамалы су құйыңыз. Түтін жиналып қалмас үшін су таусылған сайын үстемелеп құйып отырыңыз.

Пісіру уақыттары

Пісіру уақыттары тағамның түріне, құрамына және мөлшеріне байланысты. Бастапқыда тағам пісірген кезде пісіру үрдісін бақылап отырыңыз. Осы құрылғыны пайдаланған кезде қолданылатын ыдыстарға, рецептілерге және тағамның мөлшеріне сай келетін параметрлерді (қызу параметрі, пісіру уақыты т.с.с.) анықтап алыңыз.

Газ тұмшапеште пісіру

 Уақытқа алдын ала қыздыру уақыты кірмейді.


Бос тұмшапешті әрқашан 10 минут қыздырыңыз.

Салм ағы (кг)	ТАҒАМ ТҮРІ	Газ тұмшапеште пісіру		Минутқа шаққанд ағы пісіру уақыты	Ескерімдер
		Темп. (°C)	деңгейі		
	ЕТ ЖӘНЕ ҚҰС ЕТІ				
1	Сүйегі бар сиыр еті	мин.	2 немесе 3	40	

Салмағы (кг)	ТАҒАМ ТҮРІ	Газ тұмшалапеште пісіру		Минутқа шаққанда ағы пісіру уақыты	Ескерімдер
		Темп. (°C)	деңгейі		
1	Сүйексіз сиыр еті	190	2 немесе 3	50	
1	Қой еті	мин.	2 немесе 3	40 - 50	
1	Шошқа еті	175	2 немесе 3	50	
1,2	Тауық/Қоян еті	210	2 немесе 3	70 - 80	
1	Үйрек еті	190	2 немесе 3	80	
1	Күркетауық еті	180	2 немесе 3	60	
0,5	Бұқтырма тағам	мин.	2 немесе 3	150	
1	Көкөніс пісірмесі	мин.	2	—	көкөніс түріне қарай әр түрлі болады
	ТОҚАШ ӨНІМДЕРІ				
	Жеміс бәліштері	165	2	35	
	Жеміс бәліші	мин.	2 немесе 3	35	
	Шұжық орамалары	180	2 немесе 3	20	
	Чокс тоқашы	190	2 немесе 3	25 - 30	
	Воловент тоқашы	175	2 немесе 3	15	
	Джем қосылған пирожныйлар	180	2 немесе 3	30 - 40	тор сәреге қойылған 26 см алюминий қалып
	ПУДДИНГ				
	Бен-мариде пісірілген жұмыртқа десерті	мин.	2 немесе 3	60 - 75	
	ТОРТТАР				
	Көп жеміс қосылған торт	мин.	2 немесе 3	150 - 170	тор сәреге қойылған 20 см алюминий қалып
	Жай жеміс торты	мин.	2 немесе 3	150	

Салмағы (кг)	ТАҒАМ ТҮРІ	Газ тұмшашпеште пісіру		Минутқа шаққанд ағы пісіру уақыты	Ескерімдер
		Темп. (°C)	деңгейі		
	Мадейра торты	мин.	2 немесе 3	105 - 120	
	Кішкене кекстер	мин.	3	30 - 40	
	Зімбір наны	мин.	3	35 - 45	
	НАН				
0,5	Нан бөлкелері	190	2 немесе 3	40 - 50	алюминий пісіру науасында
1	Нан бөлкелері	190	2 немесе 3	50 - 60	алюминий пісіру науасында
	Орамалар, мейізді тоқаш	180	2 немесе 3	15 - 20	
	Печеньелер	180	2 немесе 3	25 - 35	

Қақтау

 Бос тұмшашпешті тағам пісірмес бұрын 10 минут алдын ала қыздырыңыз.

ТАҒАМ ТҮРІ	Мөлшері		Қақтау		Пісіру уақыты [мин]	
	Саны	[г]	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]	1-ші жағы	2-ші жағы
Қоң ет стейктері	4	800	4	макс.	12 - 15	12 - 14
Сиыр етінің стейктері	4	600	4	макс.	10 - 12	6 - 8
Шұжық	8	-	4	макс.	12 - 15	10 - 12
Туралған шошқа еті	4	600	4	макс.	12 - 16	12 - 14
Тауық (2-ге бөлінген)	2	1000	4	макс.	30 - 35	25 - 30
Кәуап	4	-	4	макс.	10 - 15	10 - 12
Тауықтың төс еті	4	400	4	макс.	12 - 15	12 - 14
Гамбургер	6	600	4	макс.	13 - 15	12 - 14
Балықтың қоң еті	4	400	4	макс.	12 - 14	10 - 12
Тост сэндвичтері	4 - 6	-	4	макс.	5 - 7	-
Қыздырылған нан	4 - 6	-	4	макс.	2 - 4	2 - 3

Бұрылмалы істік

- i** Бос тұмшапешті тағам пісірмес бұрын 10 минут алдын ала қыздырыңыз.

ТАҒАМ ТҮРІ	[г]	Сөрениң орналасуы	Темп. [°C]	Пісіру уақыты [мин]
Құс еті	1000	2	макс.	50 – 60
Қуырылған тағамдар	800	2	макс.	50 – 60

Күту менен тазалау

! **Назарыңызда болсын!** Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

- Құрылғының алдыңғы жағын жуғыш зат қосылған жылы суға батырылған жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.
- Металл беттерді тазалау үшін кәдімгі жуғыш заттарды пайдаланыңыз.
- Тұмшапешті пайдаланып болған сайын ішкі жағын тазалаңыз. Май жиналғанда немесе басқа тағам қалдығы жиналса, өрт шығуы мүмкін. Гриль табағында бұндай қауіп одан да күшті.
- Оңай тазаланбайтын қалдықтарды арнайы пеш тазалағыштармен тазалаңыз.
- Тұмшапештің керек-жарақтарын пайдаланып болған сайын тазалаңыз және кептіріңіз. Шүберекті, жылы су мен жуғыш затты пайдаланыңыз.
- Тұмшапештің керек-жарағына ластық тұрмайтын болса, жеміргіш затпен, өткір қырлы құралмен тазаламаңыз немесе ыдыс жуғыш машинада жумаңыз. Себебі ластық жабыспайтын қаптаманы бүлдіруі мүмкін.

i **Болаттан немесе алюминийден жасалған құрылғылар:**

Тұмшапештің есігін дымқыл жөкемен ғана тазалаңыз. Жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз. Жүн мақтаны, қышқылды немесе жеміргіш материалдарды пайдаланбаңыз, себебі тұмшапештің бетіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Тұмшапештің басқару панелін де осындай сақтық шараларды орындап тазалаңыз.


Есіктің тығыздағышын тазалау

- Есіктің тығыздағышын уақытылы тексеріңіз. Есіктің тығыздағышы тұмшапеш жақтауының айналасында орналасқан. Есіктің тығыздағышына нұқсан келсе, құрылғыны пайдаланбаңыз. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Есіктің тығыздағышын тазалау үшін тазалауға қатысты жалпылама нұсқауларды қараңыз.


Сөре сырғытпалары

Қабырғаларды тазалау үшін сырғытпа жолдарды алып қоюға болады.

Сөре сырғытпаларын алу



Сөре сырғытпасының алдыңғы жағын қабырғадан тартып шығарыңыз.



Сырғытпа жолдардың артқы жақтарын қабырғадан ағытып алыңыз.


Сөре сырғытпаларын салу

Сөре сырғытпаларын әрекеттерді керісінше орындап салыңыз.


- i** Сөре сырғытпаларының доғал ұштары алдыңғы жаққа қарап тұруға тиіс.

Тұмшاپештің есігін тазалау


Тұмшاپештің есігін алып тазалауға болады.



- 1** Есікті шегіне дейін ашып, есіктің екі топсасын ұстаңыз.



- 2** Екі топсадағы тетіктерді көтеріңіз және бұраңыз.



- 3** Тұмшاپештің есігін бірінші ашу күйіне (жартылай) қарай жабыңыз. Есікті алға қарай тартыңыз да, ұясынан шығарып алыңыз. Есікті жұмсақ мата төселген орнықты жерге қойыңыз.

Тұмшاپештің есігін сабын сумен тазалаңыз. Тұмшاپештің есігін мұқият тазалаңыз.

Тазалап болғаннан кейін тұмшاپештің есігін орнына салыңыз. Тұмшاپештің есігін орнына салу үшін жоғарыда айтылған қадамдарды керісінше орындаңыз.

Тұмшاپештің шамы

- !** **Назарыңызда болсын!** Тұмшاپештің шамын ауыстырған кезде абай болыңыз. Электр қатері бар.

Тұмшاپештің шамын ауыстырар алдында:

- Тұмшاپешті сөндіріңіз.
- Сақтандырғыш қорабындағы сақтандырғыштарды алыңыз немесе айырып-қосқышты ажыратыңыз.

- i** Тұмшاپештің шамына және шыны қақпағына зақым келмес үшін тұмшاپештің табанына шүберек төсеңіз.

1. Шамның қақпағын алу үшін сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.
2. Шыны қақпақты тазалаңыз.
3. Тұмшاپеш шамының орнына 300 °C градус қызуға төзетін тұмшاپеш шамын салыңыз. Шамның дәл осындай түрін пайдаланыңыз.
4. Шыны қақпақты орнатыңыз.

Не істерсіңіз, егер...

- !** **Назарыңызда болсын!** Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Шешімі
Құрылғы жұмыс істемейді.	Құрылғы іске қосылған жоқ.	Құрылғыны іске қосыңыз. "Күнделікті пайдалану" тарауын қараңыз.
Құрылғы жұмыс істемейді.	Сақтандырғыш тарауындағы сақтандырғыш ағытылған.	Сақтандырғышты тексеріңіз. Сақтандырғыш бірнеше рет ағытылып кете берсе, білікті электршіге хабарласыңыз.
Тұмшапештің шамы жанбайды.	Тұмшапештің шамында ақау бар.	Тұмшапештің шамын ауыстырыңыз.
Тағамның үстіне және тұмшапештің ішіне бу және конденсат жиналады.	Тұмшапештің ішіне тағам ұзақ уақытқа қойылған.	Тағамды пісіріп болғаннан кейін оны тұмшапештің ішінде 15 - 20 минуттан ұзақ уақыт ұстамаңыз.
Жалын тұтатқан бетте дереу сөніп қалады.	Қыздырғыш элемент жеткілікті қызбайды.	От жанғаннан кейін тетікті шамамен 15 секунд басып ұстап тұрыңыз.

Ақаулықты өзіңіз шеше алмасаңыз, дилерге немесе қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Қызмет көрсету орталығына қажетті ақпарат техникалық ақпарат

тақтайшасында көрсетілген. Техникалық ақпарат тақтайшасы құрылғы корпусының алдыңғы жақтауында орналасқан.

Оларды мына жерге жазып қоюды ұсынамыз:

Үлгі (MOD.)
Өнім нөмірі (PNC)
Сериялық нөмірі (S.N.)

Техникалық сиппатама

Жалпы қуат мәні

Электр қуаты:	1,7 кВт
Газ:	G20 (2H) 20 мбар = 2,7 кВт
	G30/G31 (3B/P) 30/30 мбар = 2,5 кВт
	G20 (2H) 13 мбар = 2,5 кВт (тек Ресей үшін)

Электрмен жабдықтау:	230 В ~ 50 Гц
Санаты:	IІ2H3B/P
Газбен жабдықтау:	G20 (2H) 20 мбар
Құрылғының сыныбы	3

Газ пеші оттығының техникалық параметрлері

Газ түрі	Инжект ор белгісі	Номинальды газ қуаты	Номинальды газ ағысы		Газдың азайтылған қуаты	Байпас істікше	Газдың номинальды қысымы
			мl/сағ	г/сағ			
Табиғи газ (G20)	114	2.7	0,257	-	1.0	Қал.	20
Сұйылтылған газ (G30/G31)	078	2.5	-	182	1.0	52	30/30
Табиғи газ (G20)	124	2.5	0,265	-	1.0	Қал.	13

Орнату

⚠ Назарыңызда болсын! Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

Орнату қауіпсіздігі

Орнатуға қатысты бұл нұсқаулар уәкілетті мамандарға ғана арналған!

⚠ Назарыңызда болсын! Құрылғыны орнату, электр тоғына қосу және жөндеу жұмыстарын уәкілетті мамандарға ғана (газ және электр) тапсырыңыз. Егер уәкілетті мамандарға тапсырмасаңыз, зақым келген жағдайда кепілдік заңды күшінен айырылады. Осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген газ және электр құрылғыларын орнату, пайдалану және күтіп ұстауға қатысты дұрыс әрекеттер мен нұсқауларды орындаңыз.

⚠ Назарыңызда болсын! Орнатар алдында жергілікті ресурспен жабдықтау жағдайларының (газдың түрі мен қысымы) құрылғының параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

⚠ Назарыңызда болсын! Осы құрылғының параметрлерін реттеу жағдайлары затбелгіде немесе деректер тақтасында жазылған.

⚠ Назарыңызда болсын! Осы нұсқаулықта көрсетілген орнату нұсқауларын орындамау салдарынан орын алған зақымға өндіруші жауапкершілік көтермейді.

Орнату жағдайы:


- Бұл құрылғы жану өнімдерін тартып әкететін құрылғыға жалғанбаған.
- Құрылғыны ауа жеткілікті айналып тұратын бөлмеге ғана орнату керек.
- Табиғи желдеткіш саңылауларды ашық ұстаңыз немесе пештің ауа тартқышын орнатыңыз.
- Кіріктірілген қаптамада кем дегенде 130 см² орын болуға тиіс.


Газға тамақ пісіру құрылғысын пайдаланған кезде, осы құрылғы орнатылған бөлме ысып кетеді және ылғал түзіледі. Ас бөлменің жақсы желдетілуін қамтамасыз етіңіз: табиғи жолмен желдететін саңылауларды ашып қойыңыз не механикалық желдету құралын орнатыңыз (механикалық тартқыш құрылғы). Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланған кезде қосымша желдету қажет болуы, мысалы, терезені ашу немесе барынша тиімді желдету тәсілін пайдалану қажет болуы


мүмкін, егер механикалық тартқыш бар болса, оның қарқынын арттыруға болады.

Газға қосу

Газбен жабдықтау бағыттауышы басқару панелінің артында орналасқан.

 **Назарыңызда болсын!** Резеңке иілгіш түтіктерді пайдаланбаңыз.

 **Назарыңызда болсын!** Газды жалғар алдында ашаны розеткадан ағытыңыз немесе сақтандырғыш қорапшасындағы сақтандырғышты сөндіріңіз. Газбен жабдықтауға арналған негізгі клапанды жабыңыз.



- A) Иілгіш темір түтік
- B) Тығыздағыш
- C) Газбен жабдықтау бағыттағышы

- A) Қатты темір түтік
- B) Гайка
- C) Тығыздағыш
- D) Шығыс / кіріс адаптері
- E) Газбен жабдықтау бағыттағышы

1. Тұмшәпешті кіріктірілген ас үй қаптамасының шегіне (шамамен 30 см) дейін кіргізбеңіз.

Екі тәсілмен қосуға болады:

- а) Темір иілгіш түтікпен қосу (макс. ұзындығы: 2 м):
 - Жинақпен келген тығыздағышты түтік пен газбен жабдықтайтын бағыттағыштың арасына салыңыз.
 - Түтікті 1/2" газбен жабдықтау бағыттағышына бұраңыз.

б) Қатты темір түтікпен қосу (жұмсақ мыс, мин. диаметр: 8 мм):


- Гайка мен тығыздағышты газбен жабдықтау бағыттағышына орнату үшін шығыс / кіріс адаптерін (жинаққа кірмейді) пайдаланыңыз.
- Түтікті газбен жабдықтау бағыттағышына салыңыз.


2. Гайкаларды қатайту үшін 22 мм гайка кілтін пайдаланыңыз.


Газбен жабдықтау бағыттағышын дұрыс орында ұстаңыз, газбен жабдықтау жүйесіне ешбір салмақ түсірмеңіз.

3. Тұмшәпешті ас үй қаптамасының шегіне дейін жылжытыңыз. "Құрылғыны кіріктіріп орнату" нұсқауларын қараңыз.


4. Қосылған жерінің тығыздағышының дұрыс екенін тексеруге арналған сұйықпен тексеріңіз.

 **Назарыңызда болсын!** Газдың ағатын-ақпайтынын тексеру үшін отты пайдаланбаңыз!

 **Назарыңызда болсын!** Тұмшәпешті ас үй қаптамасының ішіне қарай жылжитқан кезде газбен жабдықтау бағыттағышын майыстырып алмаңыз.


 **Назарыңызда болсын!** Тек Ресей үшін: бұл құрылғы G20 20 мбар табиғи газбен жұмыс істейді. Газға қосар алдында параметрді қолданылатын газдың түріне дұрыс (G20 13 мбар) реттеп алу маңызды. "Құрылғыны газдың басқа түрлеріне лайықтау" тарауындағы нұсқауларды қараңыз.

Құрылғыны газдың басқа түрлеріне лайықтау

 **Назарыңызда болсын!** Құрылғыны газдың басқа түріне сай лайықтау жұмысын тек уәкілетті маманға ғана тапсырыңыз.

i Бұл құрылғы G20 20 мбар табиғи газбен жұмыс істеуге арналған. Дұрыс инжекторларды пайдалансаңыз, басқа газ түрін пайдалануға да болады ("Газ пеші оттығының техникалық параметрлері" ақпаратын қараңыз). Газдың тұтынылатын мөлшерін қажетінше лайықтауға болады.

Газ оттықтарының инжекторын ауыстыру.




1. Пеш қуысының астыңғы пластинкасын (A), тұшпашештің оттығына (B) қол жеткізу үшін алыңыз.
2. Газ пештің оттығын ұстап тұрған (C) екі бұранданы ағытыңыз.
3. Газ оттығын инжектор тағанынан (D) ептеп алыңыз. Ақырын солға қарай жылжытыңыз. Газ оттығы шілтерінің оттық аузында тұрғанына көз жеткізіңіз. Тұтату ашасының ағытпасының сымына (F) және термореле жалғастырғышына (E) салмақ салмаңыз.
4. Газ оттығының инжекторын (D) 7 мм сомын кілттің көмегімен ағытыңыз және алыңыз. Орнына қажетті біреуін салыңыз ("Газ пеші оттығының техникалық параметрлері" кестесін қараңыз).

5. Газ пеші оттығын құрастыру үшін әрекеттерді кері ретпен орындаңыз.
6. Газбен жабдықтау бағыттағышының жанында орналасқан газ түрінің жапсырмасының орнына, жаңа газ түріне сай жапсырманы жапсырыңыз (инжектор жинағымен бірге беріледі).

! **Назарыңызда болсын!** Газ пеші оттығының бастапқы ауасын реттеудің қажеті жоқ.

Газ пеші оттығының ең аз деңгейін реттеу:

1. Ашаны розеткадан ағытыңыз.
2. Басқару тетігін ең аз қалпына бұраңыз және алыңыз.
3. Реттегіш бұранданы (A) жұқа қырлы бұранда бұрағышпен бұрап реттеңіз.



Газдың түрін өзгерту	Реттегіш бұранданы реттеу
табиғи газдан сұйылтылған газға	реттегіш бұранданы шегіне дейін қатайтып бұраңыз
сұйылтылған газдан табиғи газға	реттегіш бұранданы шамамен айналымның 1/2 мөлшеріне дейін босатыңыз

Тек Ресей үшін:

сұйылтылған газдан табиғи 13 мбар газға	реттегіш бұранданы шамамен айналымның 3/4 мөлшеріне дейін босатыңыз
---	---

20 мбар табиғи газдан 13 мбар табиғи газға

реттегіш бұранданы шамамен айналымның 1/4 мөлшеріне дейін босатыңыз

- Газ пешінің басқару тетігін орнына салыңыз.
- Ашаны розеткаға сұғыңыз.

! **Назарыңызда болсын!** Ашаны розеткаға пештің барлық бөлшектерін өз орындарына қойып болғаннан кейін ғана сұғыңыз.

- Газ пешінің оттығын жағыңыз ("Газ тұшпашеште тамақ пісіру - Тұшпашештің газ оттығын тұтату" тарауын қараңыз).
- Газ пешінің басқару тетігін 240 мәніне қойыңыз да, тұшпашешті кем дегенде 10 минут қыздырыңыз.
- Газ пешінің басқару тетігін 240 мәнінен ең кіші мәнге қойыңыз.



Жалынды бақылаңыз. Егер жалын сөніп қалса, 1-8 аралығындағы қадамдарды қайталаңыз. Газ пеші оттығының шілтерінен жалын аз мөлшерде тұрақты шығып тұруға тиіс.


Осы қауіпсіздік шараларын сақтамасаңыз өндіруші ешбір жауапкершілік көтермейді.

Кіріктіріп орнату

Кіріктіріп орнату жағдайлары:

- Құрылғыны ас үй ішіне немесе студио ас үйге ғана орнатыңыз.
- Құрылғыны жуынатын немесе дем алатын бөлмеге орнатпаңыз.
- Құрылғыны "ішіне кіріктіріп" немесе "астына кіріктіріп" орнатуға болады:






- Тиісті суреттерден тұмшашештің және ас үй қаптамасының қажетті өлшемдерін (мм бойынша) көресіз.
- Кіріктірілген ас үй өлшемдері тиісті суреттерге сай келуі керек.
- Құрылғының үстіңгі жағы мен ас үй қаптамасының ішкі төбесіне дейінгі қашықтық кем дегенде 4 мм болуы керек.
- Құрылғыны "ішіне кіріктіріп" (пештің астына) орнатқан кезде, пешті тұмшашешті орнатпай тұрып орнату керек.
- Материалдар қоршаған ортамен салыстырғанда кем дегенде 60 °C градустан бастап жоғарылайтын температураға төзімді болуы керек.
- Тұмшашеш қатты ысып кетпес үшін тұмшашештің айналасында ауа жеткілікті айналып тұруға тиіс.
- Дұрыс жұмыс істеу үшін тұмшашештің қаптамасы алдыңғы жағынан немесе барлық жағынан кем дегенде 130 см² (кем дегенде жан-жағынан 65 см²) болуға тиіс. Өндіруші кірпіштен жасалған қаптаманың алдыңғы жағынан 130 см², ағаштан жасалған қаптаманың бүйір жақтарынан 65 см² ашық орын қалдыруды ұсынады.
- Тұмшашештің үстіне пеш орнатқан кезде, пеш пен тұмшашешті электртоғына жеке-жеке қосыңыз.

Қосылымды құрылғыға жіберілетін қуат параметріне сай кабельді пайдаланып іске асырыңыз.

- **i** Орнатып болғаннан кейін, жөндеу немесе күтім көрсету жұмыстары қажет болғанда техник маман тұмшашешке оңай қол жеткізе алатынына көз жеткізіңіз.



Электртоғына қосу

- **!** **Назарыңызда болсын!** Электртоғына білікті маман ғана қосуға тиіс.

- **i** "Қауіпсіздік ақпараты" тарауындағы сақтық шаралары орындалмаса, өндіруші жауапкершілік көтермейді.

Бұл құрылғы негізгі қуат сымымен ғана жабдықталып жеткізіледі.

Сым

Орнатуға немесе ауыстыруға болатын электр сымы қолданылған. H07 RN-F, H05 RN-F, H05 RRF, H05 VV-F, H05 V2V2-F (T90), H05 BB-F.

Электр сымының көлденең қимасын жалпы қуат (техникалық ақпарат тақтайшасында) және кестеге қарап анықтаңыз:

Жалпы қуаты	Электр сымының көлденең қимасы
ең көбі 1380 Вт	3 x 0.75 мм²
ең көбі 2300 Вт	3 x 1 мм²
ең көбі 3680 Вт	3 x 1.5 мм²

Пештің жерге тұйықталатын сымы (жасыл / сары сым) фаза және бейтарап сымдарға (көк және қоңыр сымдар) қарағанда 2 см ұзынырақ болуға тиіс.



Қоршаған ортаға зиян келдірмеу туралы мағлұматтар

Белгі ♻️ салынған материалдарды қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз. Орам материалдарын қайта өңдеуден өткізу үшін тиісті контейнерлерге салыңыз. Электрлік және электроникалық құрылғылардың қалдығын қайта өңдеуден өткізу арқылы, қоршаған ортаға және адамның денсаулығына зиян келтіретін жағдайларға жол бермеуге өз үлесіңізді қосыңыз. Белгі ♻️ салынған құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге

тастамаңыз. Өнімді жергілікті қайта өңдеу орталығына өткізіңіз немесе жергілікті мекемеге хабарласыңыз.



Орам материалы
Орам материалының қоршаған ортаға зияны жоқ және қайта өңдеуден өткізуге болады. Пластик бөліктері PE, PS т.с.с. тәрізді халықаралық белгілермен белгіленген. Орам материалын жергілікті қоқысты шығару ұйымы арнайы түрде белген контейнерлерге салыңыз.

Содержание

Сведения по технике безопасности _ _ _ _	22	Дополнительные функции _ _ _ _ _ _	30
Указания по безопасности _ _ _ _ _ _	23	Полезные советы _ _ _ _ _ _	30
Описание изделия _ _ _ _ _ _ _ _	26	Уход и очистка _ _ _ _ _ _ _ _	33
Перед первым использованием _ _ _ _	27	Что делать, если ... _ _ _ _ _ _	35
Ежедневное использование _ _ _ _ _ _	27	Технические данные _ _ _ _ _ _	36
Функции часов _ _ _ _ _ _ _ _	29	Установка _ _ _ _ _ _ _ _	36
Использование дополнительных принадлежностей _ _ _ _ _ _ _ _	29	Охрана окружающей среды _ _ _ _	41

Право на изменения сохраняется.

Сведения по технике безопасности

Перед установкой и эксплуатацией прибора внимательно ознакомьтесь с приложенным руководством. Производитель не несет ответственность за травмы и повреждения, полученные/вызванные неправильной установкой и эксплуатацией. Позаботьтесь о том, чтобы данное руководство было у Вас под рукой на протяжении всего срока службы прибора.

Безопасность детей и лиц с ограниченными возможностями

⚠ ВНИМАНИЕ! Существует риск удушья, получения травм или стойких нарушений нетрудоспособности.

- Данный прибор может эксплуатироваться детьми старше 8 лет и лицами с ограниченными физическими, сенсорными или умственными способностями или с недостаточным опытом или знаниями только при условии нахождения под присмотром лица, отвечающего за их безопасность.
- Не позволяйте детям играть с прибором.
- Храните все упаковочные материалы вне досягаемости детей.
- Не подпускайте детей и домашних животных к прибору, когда он работает или остывает. Доступные для контакта части прибора сохраняют высокую температуру.
- Если прибор оснащен функцией «Защита от детей», рекомендуется включить эту функцию.


- Очистка и доступное пользователю техническое обслуживание не должно производиться детьми без присмотра.

Общие правила техники безопасности

- Установка прибора и замена кабеля должна осуществляться только квалифицированным персоналом!
- Во время работы прибора его внутренняя камера сильно нагревается. Не прикасайтесь к нагревательным элементам внутри прибора. Помещая в прибор или извлекая из него посуду или аксессуары, всегда используйте кухонные рукавицы.
- Не используйте парочистители для очистки прибора.
- Перед выполнением операций по очистке и уходу отключите прибор от сети электропитания.
- Не используйте жесткие абразивные чистящие средства или острые металлические скребки для чистки стеклянной дверцы, так как ими можно поцарапать его поверхность, в результате чего стекло может лопнуть.
- Для извлечения направляющих для противня вытяните сначала переднюю, а затем заднюю часть направляющей противня из боковой стенки - движением, направленным от стенки. Установка направляющих для противня производится в обратном порядке.
- Перед тем, как менять лампочку, убедитесь, что прибор отключен от электропитания, чтобы избежать опасности поражения электрическим током.

Указания по безопасности

Установка


 **ВНИМАНИЕ!** Установка прибора должна производиться только квалифицированным персоналом.

- Удалите всю упаковку.
- Не устанавливайте и не подключайте прибор, имеющий повреждения.

- Следуйте приложенным к прибору инструкциям по установке.
- Прибор имеет большой вес: соблюдайте предосторожность при его перемещении. Обязательно используйте защитные перчатки.

- При перемещении прибора не тяните за его ручку.
- Обеспечьте наличие минимально допустимых зазоров между соседними приборами и предметами мебели.
- Убедитесь, что мебель под прибором и рядом с ним надежно закреплена.
- Другие приборы или предметы мебели, находящиеся по обе стороны прибора, должны иметь ту же высоту.

Подключение к электросети

 **ВНИМАНИЕ!** Существует риск пожара и поражения электрическим током.


